

Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі мен Чех Республикасының Техникалық стандарттау, метрология және мемлекеттік сынақтар жөніндегі басқармасының арасындағы өзара жеткізілетін өнімнің сәйкестігін бағалау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 7 қыркүйектегі N 939 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі мен Чех Республикасының Техникалық стандарттау, метрология және мемлекеттік сынақтар жөніндегі басқармасының арасындағы өзара жеткізілетін өнімнің сәйкестігін бағалау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қоюға келісім берілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

**Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі
мен**

**Чех Республикасының Техникалық стандарттау, метрология және мемлекеттік сынақтар жөніндегі басқармасының
арасындағы
өзара жеткізілетін өнімнің сәйкестігін бағалау саласындағы
ынтымақтастық туралы
келісім (Осы Келісім қол қойған күннен бастап күшіне енді - СІМ-нің ресми сайты)**

Бұдан әрі "Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі мен Чех Республикасының Техникалық стандарттау, метрология және мемлекеттік сынақтар жөніндегі басқармасы, өнімнің сәйкестігін бағалауды реттейтін құқық нормаларын ескере отырып, оны екі Тарап мемлекеттерінде нарыққа енгізудің алдында мына төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Тараптар өздерінің мемлекеттерінің қолданыстағы заңдары мен техникалық нормаларында белгіленген өз құзыреті шегінде мынадай бағыттар бойынша ынтымақтастықта болады:

- өз мемлекеттерінің нормативтік құқықтық кесімдеріне Еуропалық Қоғамдастықтың шешімдері мен директивтерінің ережелерінде белгіленген техникалық құқықтық нормаларды енгізу туралы ақпарат алмасу;

- Қазақстан Республикасының сертификаттау жөніндегі органдары мен сынақ зертханалары және Чех Республикасының авторланған органдары туралы ақпарат алмасу;

- Тараптар мемлекеттерінің қолданыстағы заңнамасына сәйкес сынақтардың нәтижелерін тану мүмкіндігі үшін жағдай жасауды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының сертификаттау жөніндегі органдары мен сынақ зертханалары мен Чех Республикасының авторланған органдары арасындағы сәйкестікті бағалау саласындағы (келісілген өнімдердің тізбесі бойынша) ынтымақтастық;

- өлшем бірліктерін қамтамасыз ету жөніндегі заңнамалық кесімдермен және нормативтік құжаттармен, оларды халықаралық құжаттармен үйлестіру бойынша жұмыс тәжірибесімен алмасу;

- бірлік шамасының ұлттық эталондары саласындағы ынтымақтастық Тараптар мемлекеттерінің калибрлі және өлшем мүмкіндіктері бойынша ақпарат алмасу;

- сәйкестікті бағалау, заңнамалық метрология, өлшем құралдарын сынау, стандарттық анықтамалық деректер әзірлеу, белгісіздікті бағалау саласында кадрларды даярлауға және олардың біліктілігін арттыруға жәрдемдесу;

- сәйкестікті бағалау проблемаларына арналған сарапшылар кездесуі, семинарлар мен симпозиумдар түрінде пікірлер және тәжірибе алмасу;

- Еуропалық Одақтың біртұтас рыногына жылжитын өнімнің сәйкестігін бағалау кезінде Чех Республикасының нотификацияланған органдарын пайдалану.

2-бап

Осы Келісім оның шеңберінде импорттаушы мемлекеттің нормативтік құқықтық кесімдерімен және техникалық құжаттарымен адамдардың денсаулығын және қауіпсіздігін және олардың мүлігін, табиғи ортаны және сәйкестікті бағалау әдістерін қорғау жөніндегі талаптар белгіленген салаларға жатады.

3-бап

Осы Келісім Тараптар үшінші тараптармен жасасқан өнім сәйкестігін бағалау жөніндегі шарттардан туындайтын Тараптардың құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

4-бап

Осы Келісім бойынша алынған құжаттама мен ақпараттың құпиялылығы үшін осы құжаттаманы немесе ақпаратты қабылдайтын Тарап жауапты болады. Құжаттама мен ақпарат үшінші тарапқа оларды ұсынған Тараптың жазбаша келісімімен ғана берілуі мүмкін.

5-бап

Осы Келісім Тараптар қол қойғаннан кейін оның ажырамас бөлігі болып табылатын хаттамаларды ресімдеу жолымен олардың екі жақты келісімі бойынша өзгертілуі немесе толықтырылуы мүмкін.

6-бап

Осы Келісімді түсіндіруге байланысты барысында туындаған даулар Тараптардың уәкілетті өкілдерінің арасындағы өзара келіссөздер жолымен шешілетін болады.

7-бап

Осы Келісім оған екі Тарап қол қойған күннен бастап күшіне енеді және Тараптардың біреуі екінші Тараптан оның қолданылуын тоқтату ниеті туралы жазбаша хабарлама алған күннен бастап алты ай өткенге дейін күшінде болады.

2004 жылғы "___" _____ қаласында әрқайсысы қазақ, чех және орыс тілдерінде екі данада жасалды, әрі барлық мәтіннің күші бірдей.

*Қ азақстан
Республикасының
Индустрия және сауда
министрлігі үшін
жөніндегі басқармасы үшін*

*Чех Республикасының
Техникалық стандарттау,
метрология және
мемлекеттік сынақтар*